

*Literature and Folklore/ Әдебиет және Фольклор/ Литература и Фольклор***Әбут-Түрк нефесі¹ немесе Түркістан Үні****У. Журакулов^a, *М.Оразбек^b**^a*Әлішер Науаи атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университеті, Ташкент, Өзбекстан (E-mail: joraqionvizoq@gmail.com).*^b*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан Республикасы (E-mail: takpal_zere@mail.ru). *Байланыс үшін автор: takpal_zere@mail.ru*

ARTICLE INFO

АННОТАЦИЯ

Кілт сөздер:

Рауф Парфи шығармашылығы, түркі ақындары, шығармашылық үдеріс, Әлішер Науаи шығармашылығы, адал ақын, жалған ақын, поэзия.

MPНТИ 17.01.09

DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2024-1-135-146>

Мақала өзбектің белгілі ақыны Рауф Парфи Өзтүрік поэзиясындағы тарихи тұлға мен тарихи тақырып мәселесін зерттеуге арналған. Зерттеу нысанына ақынның «Анамның тілі», «Әкемді еске алу», «Науаи», «Бір сөзім бар», «Ирак шөлі», «Көне түріктер», «Дилоромның көзі» сияқты өлеңдері алынды. Рауф Парфи поэзиясындағы тарихи оқиғалар мәдени, әдеби, тарихи дереккөздермен салыстырыла зерттелді. Түркі халықтары әдебиетінің тарихында Рауф Парфи тәрізді көреген ақынның адамзаттық ойларының Әзіреті Әлішер Науаи шығармаларымен үндестігі, олардың шығармаларынан мысал келтіре отырып, салыстыра талдау жасалады. Сондай-ақ мақалада Рауф Парфи мен Әлішер Науаи шығармаларындағы әлі зерттеле қоймаған жұмбақ, тылсым сырлардың мәні қасиетті Құран Кәрім сүрелеріндегі адал ақын мен жалған ақын турасындағы аяттарды талдау негізінде анықталды. Рауф Парфи өмір сүрген кезеңде Түркістандық ақындар ұстараның жүзінде, «айдаһардың аузында» тұрған заманда, яғни, ХХ ғасырда Совет Одағы құрамындағы түркі тілдес халықтардың тілі мен әдебиеті, түркілердің тарихы, түркі тілі туралы батыл жырлағанын ақынның өлеңдерінен мысал келтіре отырып талдап, зерттеген. ХХ ғасыр басындағы қуғын-сүргінге түскен Түркістан аймағы ақындарының тағдырын шығармаларына өзек еткен Рауф Парфидің поэзиясы түркі әдебиетінде ерекше орын алатынына жете мән берген. Рауф Парфидің шығармашылығы мен өлеңдеріндегі ақынның идеясы, авторлық позициясы, көркемдік-поэтикалық, тілдік-стильдік ерекшелігі жан-жақты талданды.

Received 09 November 2023. Revised 15 November 2023. Accepted 25 February 2024. Available online 31 March 2024.

Дәйексөз үшін: У. Журакулов, М.Оразбек Әбут-Түрк нефесі немесе Түркістан Үні // Turkic Studies Journal. – 2024. – Т. 6. – № 1. – 135-146 б. DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2024-1-135-146>

For citation: U. Zhurakulov, M. Orazbek Abut-Turk poems or the Voice of Turkestan // Turkic Studies Journal. – 2024. – Vol. 6. – No 1. – P. 135-146. DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2024-1-135-146>



¹ Нефес (түрік.nefes) – саздың сүйемелімен, белгілі бір әуенмен, көбіне алев-бекташи сопылық (тасаввуф) тариқаттарының діни рәсімі (ауян-І сем) кезінде айтылатын өлең түрі. Негізінен сопылықтағы болмыс бірлігі (вадет-и вуджут), алев-бекташилік ұстанымдары сынды тақырыптарды қозғайды.

Кіріспе

XX ғасырда түркі әдебиетіне жаңалық болып келген ақындардың бірі – Рауф Парфи Өзтүрік. Ұлттың өткені мен бүгінін өлең тілінде өрнектеп, ел болашағын болжай білген ақын бүгінде лирикалық поэзия өкілдерінің алдыңғы қатарында тұр. Ашығын айтқанда, түркі әдебиеті мұндай бірегей ақындардан кенде емес. Түркі ақындарының көш басында тұрған Әзіреті Әмір Низамиддин Әлішер Науаи «Мухокамат ул-луғутайн» атты еңбегінде былай деп жазады: “Бұл қысқаша сөздің мәнісі мынау – Нұх (пайғамбар) топан бүлігінен азат болып, оның опатынан құтылғанында дүние жүзінде адамзат баласынан әсер, адам нәсілінен ұрпақ та қалмаған еді. Тарихшылар Әбут Түрк деп жазған Яфесі осы... Тарихшылардың бір ауыздан айтуларына қарағанда, Әбут Түрк деп аталған Яфес пайғамбарлық тәжімен биік әрі елшілік мансабымен бауырларынан жоғары тұрды. Үш тіл: түркі, парсы һәм үнді тілдері осы үшеуінің әулет-ұрпағының арасында тарады” (Алишер, 2000: 10).

Өкінішке қарай, Әзірет Науаидың бұл жазбаларына ғалымдардың бірнеше ғасыр бойы мән бермегені – тарихи шындық. Бұл еңбекте көпшілік түсіне бермейтін, әрі қабылдауы қиын бірінші факт – әлемдегі барлық тілдердің үш тілден ғана тарағанын дәлелдеуі. Екінші дерек, түрік тілінің Яфес Әбут Түрктен бастау алғандығы. Үшінші, ең құпия, беймәлім факт – Әзіреті Яфес Әбут Түрктің «басқа бауырларына қарағанда пайғамбарлық дәрежесіне ие болып, жоғары тұрғаны» туралы дерек.

Әлішер Науаи «Мухокамат ул-луғутайн» еңбегінде түркі тілінің көркемдік ерекшелігі мен поэтикалық қуатын парсы-тәжік тілімен салыстырып, түркі тілінің бай сөздік қорын анықтап берген болатын. Ақын Рауф Парфи – Өзтүрік Әлішер Науаидың Әбут Түрк туралы ойларын XX ғасырда жалғастырып дамытқан ақын. Ол өзінің “Ана тілім” өлеңінде:

Абут Түрк – тарихтан алынған даналық шығар,

Бірақ сен Тұрандасың.

Ақын, сен сөйлеуге асықпайсың,

Ұлы Әлішердің құтты тілінде (Парфи., 2023: URL), –

деп, Әбут Түрктің даналығын паш етіп, Әлішер Науаи шығармаларымен үндестігін байқатады. Яфес Әбут Түрк тілін Ұлы Әлішердің «құтты тілі» деп көрсетеді. Басқа шығармаларында да Түркістан ақындарының тағдыры туралы жырлағанда, тіл мәселесіне оралып отырады.

Рауф Парфи – қазіргі өзбек поэзиясындағы жаңа бағыттың негізін салушы ақын, аудармашы. Ақынның көзі тірісінде он бір жыр жинағы жарық көрген. Алғашқы жыр жинағы «Керуен жолы» деген атпен 1968 жылы шыққан. Ол Байронның «Манфред» поэмасын, Назым Хикметтің «Адамзат панорамасы» дастанын, А.Дюманың «Үш ноян» романын, А.Твардовскийдің «Жад хақысы» өлеңін, грузин ақыны, жазушы-драматург Карло Каладзенің «Ойлар», Қырым татарларының ақыны Энвер Селяметтің «Алтын балта» шығармаларын және Б.Брехт, И.Бехер, П.Неруда өлеңдерін өзбек тіліне аударған.

«Самарқан Хабаршысы» журналындағы «Оның поэзиясында халықтың жүрегі соғады» деп аталатын мақалада Рауф Парфи шығармашылығы туралы: «Рауф Парфи шығармашылығының негізгі тақырыбы – адам, ел, түркі әлемінің бірлігі. Ақын өз

мұратына адал ғұмыр кешті. Ол ХХ ғасырдағы адам қасіретін ана тілінде өрнектеуге бел буған қайсар ақын... Оның көркемдік ойлауы адамның ерік-жігері мен рухының бостандығы, қуғынсүргінге қарсылық, әлеуметтік теңсіздік пен әділетсіздікке қарсы идеяларға толы болды» (В его поэзии билось сердце народа, 2023: URL), - деп жазды. Шынымен де ол өз шығармаларында жер бетіне тарыдай шашылған түркі халықтары мен олардың қуғын-сүргінге ұшыраған қасіреті туралы жырлап өтті. Аталған мақалада Өзбекстан журналистикасы мен саясатындағы көпқырлы тұлға, ақын, жазушы, публицист, 1990-1995 жылдардағы Парламенттің бірінші шақырылымының депутаты Кәрім Бахриев Рауф Парфи шығармашылығы туралы былай дейді: «Парфи өмір шындығынан гөрі, жүректің ақиқатына көбірек жүгінеді, ал өлең жазған кезде ол қандай да бір рухани биіктен жазды. Ол поэзияны өзбек халқының арманы, қайғысы, азабымен ғана емес, ой мәдениетімен де байытты. Оның поэзиясында өзбектің ұлттық рухы мен жүрегі соғып тұрады» (В его поэзии билось сердце народа, 2023: URL). Рауф Парфи – Жазушылар Одағы сыйлығының (1986), Махмұд Қашқари атындағы халықаралық сыйлықтың (1989), Түркияның Мемлекеттік әдеби сыйлығының (1996) иегері. Ақынға 1999 жылы Өзбекстанның халық ақыны атағы берілді.

Материалдар және зерттеу әдістері

Зерттеу мақалада Рауф Парфи өлеңдерінің мәнін түсіндіру үшін және Құран Кәрімнің 221, 223-224, 225-226, 227 сүрелерін герменевтикалық әдіс бойынша талдау барысында иманды өнер адамдары, адал ақын мен жалған ақын турасындағы сипаттамалары айқындалып, Рауф Парфидің “Шуара” сүресіндегі “игі істер жасайтын, тура жолмен жүретін, өздері істеген істері турасында айтатын, жалғандыққа бармайтын” ақын ретіндегі тұлғасы айқындалды. Сол арқылы ақынның түркілік көзқарасы мен танымы, адамзаттық ойлары талданды. Сондай-ақ Әлішер Науаи шығармалары мен Рауф Парфи шығармаларын мәденитарихи талдау, типологиялық салыстыру әдістері негізінде зерттелді.

Тақырыптың зерттелу дәрежесі

Түркі халықтарының әдебиеттану ғылымында Әлішер Науаи шығармаларына назар аударған ғалымдар баршылық. Әсіресе өзбек ғалымдары жете зерттеді. Әлішер Науаидың «Мухокамат ул-луғутайн» еңбегін О.Усманов пен П.Шамсиев (Шамсиев П., Усманов О. 1940) қарастырғаны белгілі, кейіннен У.Санакулов (Санакулов У. 1971)¹ тілдік тұрғыдан зерттесе, М. Хамидова сыни мәтін мәселесі тұрғысынан қарастырды (Хамидова М. 1958). Қ. Эргашев (Алишер Навоий, 2000) пен Қ.Содиқов (Alisher Navoiy, 2012) еңбекті сөздік арқылы түсіндіру, интерпертациялау мәселесін зерделеді. Ал У. Журакулов Әлішер Науаи шығармаларын Шекспир шығармаларымен салыстырып, компаративистік талдау жасады (Жұракулов У., 2022). Қазақ әдебиетінде ғалым Т.Қыдыр түркі әдеби тілінің көркемдігін парсы тілімен салыстыру барысында Әлішер Науаидың өлшеусіз еңбегін жан-жақты талдап түсіндірді (Қыдыр Т.Е., 2021).

¹ Санакулов У., 1971. Исследование языка памятника XV века «Мухокамат ул-луғутайн» Алишера Навои: автореф. дисс ...канд. филол. наук. Ташкент, 18 с. 10. 4.

XX ғасырдағы түркі халықтар әдебиетінде өзбек ақыны Рауф Парфи шығармашылығының маңызы зор. Ол өз өлеңдерінде Түркістан ақындарының тағдырын жырлады (Рауф Парфи, 2013). Ол туралы У. Журакулов өз еңбектерінде ақын шығармаларын үнемі зерттеп келеді (Жұракулов У., 2015). Зерттеуші О. Алтынбек Рауф Парфи Өзтүрік шығармаларының көркемдік ерекшелігі мен поэтикасын зерттеді (Олтинбек О. 2023).

Талдау

XX ғасырда қуғын-сүргінді бастан кешірген Түркістан ақындарының қасіреті мен қоғамдағы әділетсіздік, елдің әлеуметтік тұрмысындағы қиыншылықты тайсалмай жырлаған ақын - Рауф Парфи. Елінің бүгіні мен болашағын жырлаған ақынды ұлт тілі алаңдатып келгені шындық. Жаһандану заманында елінің, ұлтының тұншыққан ішкі үнін тап басып таныған ақын өз өлеңдерінде ғайыптың ақиқатын жүрек тебіренерлік сөздермен жеткізді.

Құран Кәрімнің «Шуара» сүресінде мадақталған Рауф Парфи Өзтүрік сияқты «сөз аңғарына» сыймайтын абыройлы ақындар турасындағы асыл сөздерге ден қоюға тура келеді. Бұл сүре «Шуара» деп аталғанымен, мазмұны ақындар мен әдебиет туралы емес, онда адамзат тарихы қамтылған. Иман тарихы, Ислам тарихы және шынайы фактілер айтылады. Сүреде Хз. Мұхаммед (с.ғ.с.) Нұх, Ибраһим, Мұса, һуд, Салих, Лұт, Шұғайып (ғ.с.) және олардың қауымы жайлы сөз қозғалады. Ондағы тарихи оқиғалар мазмұны жағынан бір-біріне жақын, тіпті өте ұқсас деуге болады. Тайпалардың барлығы дерлік өз пайғамбарларын мойындамаған, оларға қысым жасаған, айтқандарына құлақ аспай, керісінше жалған хабарды шындық деп қабылдап, басқаларды да соған сендірген. Ақындар туралы аяттар тарихтың шынайы деректерін дұрыс қабылдауға, түсінуге, жеткізуге үлесін қосады. Сүренің соңында Алланың аты аталады. Әрине, Құрандағы әрбір дыбыстың, әріптің, сөздің, сөйлемнің, аят пен сүренің біз білмейтін сансыз мағыналары мен хикметі бар. Міне, осындай хикметтердің бірі – ғасырдан ғасырға аттап, төл тарихқа қатысты илаһи нұсқаулықты өзгеріссіз жеткізудегі жауапкершіліктің болуы. Сүренің аты мен соңындағы жеті аят бұл жауапкершіліктің барша адамзатқа, әсіресе, Алла тағала атын атаған ақындарға қатысты екенін атап көрсетеді.

Бұл хикметті сезіну үшін аяттарды толық ұсынып көрелік: «221- Шайтандардың кімге түсетінін айтайын ба? 222-Олар күнәға, жалаға құмар адамдарға түседі». 223 – Олар (шайтандарға) құлақ асады және олардың көбі өтірікшілер». 224 – Ақындарға (келсек) оларға да жолынан адасқандар ереді.

225-226 – Олардың әр жерде (сөз аңғарларында) қаңғып жүргендерін және өздері істемейтін нәрселерді айтып жүргендерін көрмедің бе? Ұнамайтынын тастай салады, өзі істемегенді айтады. Көрмедің бе? (Ислам үстем болған кезде) (яғни ақындар) бұзылмаған еді. Залымдар да қай жаққа бет бұрғандарын көп кешікпей түсінеді». Арызқойлар: а) олар ең алдымен нәпсісіне қарай өлең оқиды (өздері жақсы көретін адамдар мен заттарды себепсіз мақтайды, ұнатпағандарын жамандайды); ә) өздері ұстанбайтын әрекеттерді қолдайды; б) ондай ақындар күнәһар жаулап алушылар; в) сондықтан да олардың жеткізушілері, уахилары, «жалған уахи» әкеліп, құлағына

үрлейтіндер – кәпір жындар; г) сол ақындар шайтандардың өтірікшілері көзге көрінбейтін дүниеден ұрлап әкелген жалған, негізсіз сөздерді «көркемдейді»; ғ) «адасқандардың» ізіне түседі, осылайша атақ-даңққа, өткінші дүниеге ғана жарасатын материалдық игіліктерге қол жеткізеді» деп, дүниеде атақ пен даңқ қуған жалған ақындардың болмысын анықтап береді. Ал, 227 – сүреде: «Бірақ иман келтіріп, ізгі іс істегендер, Алланы көп зікір еткендер, зұлымдық көргеннен кейін кек алғандар басқа. Ол зұлымдық қылғандар, жақында қалай айналдырылатындарын біледі. (Бұл мүмін ақындар: Ғабдолла Рауахаұлы, Хасан Сәбитұлы, Кәғап Зікірұлы, Кәғап Мәлікұлы. Б.М.Р.)» (Сүре 26 Шұғара, 2023). Адал ақындар (иманды өнер адамдары): а) адал ақындардың ең басты қасиеті – имандылық, Аллаға берілгендік; ә) игі істер жасайды, өздері істеген істерді айтады; б) үнемі зікір айтумен жүреді; в) ең бастысы, адал ақындар бұл дүниеде жапа шегіп, әлем алдында жеңілгенімен, Ислам жеңіске жеткенде немесе Қиямет күні – Алламен кездесетін күні жеңіске жетеді; г) жалған ақындар сияқты «арбаушылардың» жолымен емес, тура жолмен жүреді. Жоғарыдағы келтірілген аяттарды ескере отырып, түркі әдебиетінің тарихында да «адал ақын» мәртебесін алған тұлғалар аз емес. Санына жету қиын. Бірақ бұл ақындармен қатар, жалған ақындар да баршылық. Әсіресе кейінгі үш-төрт ғасырда материалды байлық басты орынға қойылып, «аузы қисық болса да, бай баласы сөйлейтін» заманда ақынның басына ауыр сынақтар келді. Өмір мен өлім арасында тар қапаста қамалған қаламгердің жағдайы тіпті қиынға соққаны белгілі. Оған ХХ ғасыр басындағы қуғын-сүргінге түскен Түркістан аймағы ақындарының тағдыры дәлел бола алады. Әлбетте, өмір сүрудің – өлу, өлудің – өмір сүру екенін түсінетін де ақындар бар. Рауф Парфи Өзтүрік – осы санаттағы ақындардың бірі және бірегейі. Өлеңге деген адалдығының арқасында «ғалымның хаты өлмейтінін» тағы бір рет дәлелдей білген қаламгер.

ХХ ғасырдағы түркі халықтарының қуғын-сүргінге ұшырауы, ұлт ақын-жазушылары мен ағартушы-оқымыстыларының жаппай қудаланауы ұлттың тілі мен тарихы, әдебиеті мен мәдениетінің, түркілік таным мен дәстүрге негізделген ислам дінінің жоққа шығуын ең қасіретті кезең деп айтуға болады. Түркі халықтарының жырлары мен дастандары, өлең өнері мәңгі екенін поэзиясына арқау еткен ақын өмірінің соңына дейін Түркістанды жырлап, бұл дүниемен қош айтысты. Ал ұшы-қиыры жоқ, аспанмен шектескен түркі «даласында» адаспау мүмкін емес-тін. Ол заманда Құранда айтылған имансыз жындар әкелген жалған «уахилерді» жеткізуші ақындар көптеп кездесетін. Материалдық дүниедегі ең қымбат және ең арзан нәрсе осы «уахи» еді.

Осылайша әдебиетті Жаратушының «есебін» ұмытқан, атақ-даңқ жолына түскен ақындар тобы жаулап алды. Олар тырнақша ішінде «уахи» алғандықтан ақиқатты ұмытып, жүрегіндегі ағартуға деген құштарлықты іске қосудың орнына тежеп, нағыз асыл тасты жасырып қалды. Соның салдарынан жүректі нәпсі биледі. Сол кезеңдегі өлең шумақтарынан бабалар сөзіне деген немқұрайлықты көріп, жүрегі қанға толды. Ал осы қанның қабығын («алақ») талқандау арқылы нағыз ақын дүниеге келді. Бұл – ашудан ақыл, зұлымдықтан жақсылық, сатқындықтан адалдық, жалғаннан ақиқат туғанындай ғасырлар заңы еді. Осылайша, жындардың жоспары орындалмай, ата-баба дұғасы қабыл болды. Ақыры Құдайдың жазғаны шындыққа айналды.

Рауф Парфи Өзтүрік түркістандық ақындар ұстараның жүзінде, «айдаһардың аузында» тұрған заманда, яғни, 1974 жылы түркілердің тарихы, түркі тілі, әдебиеті, мәдениеті туралы еш тартынбай, былай деп жырлайды:

Ана тілім, сен жанымның қанатысың,

Әбут Түрк нефесі, Алтай гүлі.

Қыратың ғұн дәуірінен аман қалды,

Құтты Енесайдың әдемі ертегісі... (Рауф Парфи, 2013).

Ең бастысы, бұл шумақта бірде-бір жалған жоқ. Расында да ана тілі – жанның қанаты. Ақын осы өлеңде ана тілінің маңызына зор мән береді. Себебі ХХ ғасырда орыс тілі негізгі тілге айналып, түркі халықтарының тілі шеттетіле бастағаны баршаға аян. Сондықтан ақын ана тілін тілге тиек етеді. Ана тілі Алланы тануға мүмкіндік береді. Ана тілі арқылы адам өзінің қандай асыл жаратылыс екенін түсінеді. Алла Тағала осы тілмен құлдарына шынайы ақиқатты үйретті. Адам баласы тілін ұмытса, басқа пайғамбарларды жіберген. Оларға ауызша жүгініп, оның бұйрықтарын адамзатқа ауызша жеткізуді бұйырды. Адамзат басқа ешқандай жолмен сөз арқылы жеткен биіктердің ешқайсына жеткен емес. Мұхаммед (с.ғ.с.) да Миғраж түнінде Алла Тағаламен сөз арқылы тілдесті. Демек, сөзге қатысты «жан қанаты» деген метафора дұрыс қолданылғаны даусыз. Екінші жолда ақын түрік тілін, Әбут Түрк нефесін, Алтай гүлін атап көрсетеді. Науаидың Әбут Түрк туралы айтқан сөздерін аудардық. Түркі тілінің осы қадірлі атаның нефесімен байланысты екенін білдік. Қалай болғанда да, көне Бабыл мен Алтай – Шумерлер елі, Білғамеш ұрпақтары, Алтай даласы гүлдің алғаш пайда болған жері болса керек. Мұндағы «ғұн» сөзінің символикалық мәні және бар, түркілердің арғы бабасы ғұн екенін меңзейді. Қыраттың аяғының ізі Шумер Білғамешінде де сақталған. Уақыт өте келе бұл ат Енесай (қазіргі Ресейде орналасқан Енисей) суларынан шөлін қандырды. Шаңынан тазарды. Енесайдың ертегісі Қырат пен оның балуаны туралы.

Орхон жағасында тасқа айналдың,

Аспанға қадалдың, Тұран болдың Сен.

Мәңгілік сапарға қашан дайындалдың?

Бұл азап пен күшке қашан кез болдың Сен?

Жарқыраған аспанда құзғындар ұшты,

Қас дұшпандардың жолы болды.

Жауларың сенің қаныңды ішті.

Бауырлардың дауысы әлемді жаңғыртты,

Анасың ғой. Кешірдің. Қаныңнан бас тарттың

Бірақ өтірікті кешірмедің... (Рауф Парфи, 2013).

Өлеңдегі «Орхон жағасында тасқа айналдың» деген жолдың тарихи дерекке негізделгені сөзсіз. Ұлы Түркі империясы – оның даңқты өткені мен тарих жолында қалдырған ізінің символы. Білге қаған, Күлтегін, Тоныкөк сияқты ерлері бар көне түркі мемлекетінің ұрпағы ретінде ақын өткен тарихқа көз жүгіртеді. Әлемді дүр сілкіндірген Ұлы Түркі мемлекетінің Орхон өзені жағасында тасқа айналу себебіне үңіледі. Көне түркілердің түсінігі бойынша «білге» сөзі тәңірлік нұр иесі деген мағынаны білдіреді.

Халыққа бас болып, жол көрсеткен жаужүрек көсемді «білге» атаған. Бұған дәлел ретінде Шумер эпосының кейіпкері Білғамешті атауға болады. Түркілер билігінің шарықтау шегіне жеткен кезеңдеріне қатысты ер түріктің билеушілерінің өтірік, жалған атақ пен байлыққа бола елін сатқанын еске салады. Осылайша көк Тәңірге деген сенімге селкеу түскен күннен бастап тақ, байлық пен бедел, ел бірлігі мен жаһандық атақ үшін ішкі тартыстар көбейе бастағанын өкінішпен жырлайды. Оны ақынның өлең жолдарындағы: “Тұранның ашық аспанын қара бұлт басты. Іштегі дұшпан сырттағы жаулармен бітімге келді. Аспандағы тырналардың тырауын құзғындардың «қарқылы» басты. Майдан далалары шейіттердің қанына боялды. Құзғындардың құдайы берді. Бірге туған бауырлар бір-біріне опасыздық жасады. Елдің ішіне сатқын кірді. Тұран ана тіпті сатқын баласын да кешірді. Оған «қазығына қайта айналып келуіне» тағы мүмкіндік берді. Ол тек өтірікшілер мен екіжүзділерді кешірген жоқ” деген ойларында терең мән-мағына жатыр. Мұндай шешімге келуіне «білгенің жолы» – илаһи ағарту себеп болды. Өйткені Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.ғ.с.) «Өтірікші мүмін де, мұсылман да емес» деген хадисі бұл сөзді толық растайды.

Ақын жалған дүниенің қиянатын жақсы білді. Түркі халықтарына жасалған қастандықты бірде тұспалдап айтса, бірде ашық суреттеді. Әйтсе де, ол барлық өлеңдерінде дерлік бақытсыздықтың негізгі себебі адамның нәпсісі екенін айтудан бас тартпады. Оның әділдігін айғақтай отырып, Науаи жолына адал екенін ұдайы қайталайды:

Неге жүректе тас, көзде мұң,
Неге?!
Қорланған адамдардың айғайы?
Неге?
Неге өтіріктің өмірі ұзақ?
Неліктен иманын сатып өмір сүреді?
Неге әрбір құл өзінің құлдығын түсінбейді?
Қатыгездік қалай өмір сүреді, көбейе ме?!
Әділетсіз топтың өмірі осындай...
Бұл заңды сұрақтардың жауабы келесі жолдарда берілген:
Өздері үшін құдай ойлап тапты адамдар,
Олардың ішіндегі ең айлакері – шайтан... (Рауф Парфи, 2013)

Қоғамдағы әділетсіздіктің кесірінен жүректерде шер байланып, көзге мұң ұялағанын, қорланған адамдардың жан айқайын өзінің шерлі үнімен жырлайды. Адамдардың қорлануына жол берген әділетсіз топтың өмірінен түңіледі. Сол арқылы айналасындағы адам баласын адалдыққа, иманға шақырады.

Нәтижелер

XX ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген өзбектің белгілі ақыны Рауф Парфи Өзтүріктің шығармасын талдау нәтижесінде оның поэзиясындағы ең басты ерекшелігі, замандастарына ұқсамайтын даралығы – ақынның түркілік танымы. Оның өлеңдерінің тақырыбы мен мазмұны, негізгі идеясы ғұн дәуірінен бері қарай түркілердің алтын

бесігі Алтай мен Әбут Түріктен келе жатқан ана тілінің тағдыры. Себебі ХХ ғасырда түркі халықтарының тілі жойылудың аз алдында тұрған еді. Ақын Әлішер Науаи шығармаларындағы Әзіреті Яфес Әбут Түрік пайғамбардан келе жатқан түркі тілінің тағдыры туралы ойларына жете мән береді. Сондай-ақ өз өлеңдерінде Әлішер Науаи идеясына адал ақын екенін дәлелдеді.

Сондықтан ХХ ғасырдағы өзбек әдебиеті тарихында Әзіреті Науаидың «Мухокамат уллұғатайн» атты еңбегінде «Әбут-Түрік» жайлы жазғанын Рауф Парфиден басқа ешкім атақтап айтып, жырға қоса алмады. «Әбут-Түріктің» тарихы, ол туралы деректер, ақынның намысы, мәртебесі мен қайғылы сәттері, ұлттық намыс сезімін жырлауына қарап, Рауф Парфидің Науаиға қаншалықты жақын екенін көре аламыз. Ашығын айтқанда, Рауф Парфи өмір сүрген заманда шындық күл астында қалып, нақты шындық (тарихи фактілер) жер астында көміліп, «түрік» сөзінің мағынасы ұмытылған болатын. Ол жайлы ел жадындағы ақпараттың бәрі өшірілгендей еді.

Рауф Парфи Өзтүрік өлеңдерінен күллі әлемге батырлығы мен ерлігі әйгілі болған түрік халқының құлдырауын ойлап, қайғырған ақынның өкінішті үні естіледі. Мұнымен қоса, бұл қайғылы құлдыраудың себебін сонау Білге қаған, Күлтегін, Тоныкөк сияқты ерлері бар көне түркі мемлекетінің өткен тарих іздерінен іздейді. Сондай-ақ ақынның өлеңдері өзі өмір сүрген заманның үні мен ақиқат шындығы деп батыл айтуға болады. Оны рухты ақынның махаббатқа, отбасына, өзіне (өмірбаянына), табиғатқа, қоғамдық өмірге арналған өлеңдерінен айқын аңғарамыз. «Әкемді еске алу», «Науаи», «Бүршік философиясы», «Сөзім бар», «Ана», «Гамлет», «Қош бол, Гүлсары», «Ирак шөлі», «Ана тілім», «Көне түркілер», «Дилоромның көзі», «Бір сәт» және басқа өлеңдердің мазмұнына үңілсек, ақын жүрегіндегі Түркістанды, елдің азабын, осындай ауыр азаптың себептерін көреміз. Ақын мұны ащы шындықпен өрілген поэтикалық тілде бейнелейді.

Ең өкініштісі, Рауф Парфи Өзтүрікті түсінбегендер көп болды. Ол өзінің ұлы бабасы Шах Машраб сияқты өмір сүрді. Өмір бойы жанына жұбаныш іздеді. Солайша, тағдыр жазған жолды соңына дейін жүріп өтті. Материалды әлемге мүмкіндігінше көзін жұмды. Әлемдегі адамшылық мәселесіне тереңнен қарай білді. Бүкіл әлемді уысында ұстап тұрған Түркістанның азабын да қоса тартты. Бұл қайғының ауыр болғаны сонша, оны жасыру мүмкін емес еді. Ақын көтере алмаған ұлттың мұңы тұла бойындағы әрбір тал шашынан көрінетін. Ақын өлеңдерінде ұлттың өткенінен бері қарай Рауф Парфи заманына дейінгі шаң мен күлге көмілген ақиқат жасырылған болатын. Сондықтан Рауф Парфи Шуара сүресіндегі бұл дүниеде жапа шегіп, әлем алдында жеңілгенімен, өлеңдерінде ақиқатты айтқан, елі мен жеріне, ұлтына адал ақындарға тән қасиетке ие деп батыл айтуға болады.

Қорытынды

Қорытындылай келгенде, Рауф Парфи Өзтүрік поэзиясының идеясы – түркі халықтарының және бүкіл адамзаттың бақытсыздығы, ХХ ғасырда тағдыры қуғын-сүргінге ұшыраған Түркістандық ақындардың трагедиясы болды. Ұлт болашағы үшін күресіп, өлеңдерінде ащы шындықты жырлаған адал ақындарға үн қосты деп батыл айтуға болады. Осы пікірі мен поэтикалық тұжырымы үшін оған “Шуара” сүресі 227

аятындағы адал ақын мәртебесін беруге болады. Рауф Парфи Өзтүрік өмір бойы Түркістанның мұңын жүрегінде жырлап өтті. Бүкіл өлеңін тек қана Әбут-Түрк нефесінде жазып адам баласы жайлы ұлы ойларын ортаға салды. Түркі халықтарының құлдырауы мен бақытсыздыққа тап болуы олардың жалған сөйлеп, қиянат пен бұзақылыққа жол беруінен деп түсінді. Жаужүрек ғұндардың әділдігі мен өткірлігін сақтап қала алмағанына, әділетсіз адамдардың сыртқы дұшпандармен бірігіп, халықтың азып-тозуына себепкер болғанын күйіне жырлайды. Түркі халқының тілі мен мәдениетін жоқтаушы ақын күллі түркілерге ортақ Өзтүрік деген есімге ие болды.

Әдебиет

Алишер Навоий, 2000. Мухокамат ул-луғатайн. МАТ. 16 том. Тошкент: Фан. С. 10-11.

Алишер Навоий, 1967. Мухокаматул-луғатайн, Нашрга тайёрловчи. П. Шамсиев. Асарлар. Ўн беш томлик. Ўн тұртинчи том. Тошкент. Б. 105-132.

Alisher Navoiy, 2012. Tola asarlar toplami. O'n jildlik. Muhokamat ul-lug'atayn. 10 jild. (Nashrga tauyorlavchi Q.Ergashev). Toshkent: G'afur G'ulom nomidagi nashriyot-matbaa ijodiy uyi, P. 506-533.

Алишер Навоий, 2017. Мухокамат-л-луғатайн. (Қ.Содиқов тахлили, табдили ва талқини остида). Тошкент: Akademnashr. 128 с.

Əliser Navaiy. 1940. Muhakamatl lug'atayn. Nasrga tajjarlavcilar A.Usman, PçSamsiyev. Toskent: Uz SSR goslitizdat. 125 p.

В его поэзии билось сердце народа, 2023. // Самаркандский Вестник [Электрон. ресурс] – URL: В его поэзии билось сердце народа - zarnews.uz (қаралды: 14.11.2023)

Жўракулов У., 2015. Назарий поэтика масалалари. Тошкент: Ғ. Ғулом номидаги нашриёт-матбаа ижодий уйи. Б. 353.

Жўракулов У., 2022. Илми балоғатнинг маншаъи /“Шарку Ғарб Ренессанс адабиёти: Навоий ва Шекспир” мавзуидаги халқаро илмий-назарий конференция материаллари. Тошкент. 22июнь. С. 9-32.

Қыдыр Т.Е., 2021. Әлішер Науаидің «Мухәкәмәтул-луғәтәйн» шығармасының түркітану саласындағы маңызы. // Turkic Studies Journal. Т. 3. №3. Б. 37-46.

Олтинбек О. 2023. Рауф Парфи ижодида Туркистон мавзуси /«SHARQ-U G'ARB: NAVOIY VA GYOTE» mavzuidagi xalqaro ilmiy-nazariy konferensiya materiallari, 2023-yil, 21-iyun. Toshkent: «Nurafshon business». С. 348-359.

Рауф Парфи, 2013. Туркистон руҳи. Сайланма: шеърлар, таржималар. / Нашрга тайёрловчи ва сўзбоши муаллифи Вафо Файзуллоҳ. Тошкент. “SHARQ” NMAKBТ. 320 с.

Рауф Прафи, 2023. Она тилим// [Электрон. ресурс] - URL: <https://www.savoljavob.com/kk/> (қаралды: 14.11.2023)

Содиқов Қ., 2011. “Мухокамату-л-луғатайн”ни ўқиб ўрганиш. Ўқув қўлланма. Тошкент. 2011. 95 б.

Сүре 26 Шұғара, 2023. // [Электрон. ресурс] – URL: <https://koran.kz/alty/26> (қаралды: 19.11.2023)

Хамидова М., 1958. «Мухокамату-л-луғатайн» нинг танқидий матнини яратиш йулида // Адабий мерос. №2(33). Б. 81-84.

Reference

- Alisher Navoiy, 2000. *Muḥokamat ul-lugatajn*. MAT. Vol.16. Tashkent: Fan. P. 10-11. [in Uzbek].
- Alisher Navoiy, 1967. *Muḥokamatul-luḡatajn*, Nashrga tayёрlovchi. P. Шамсиев. Асарлар. Ўн беш томлик. Ўн тўртинчи том. Тошкент. Б. 105-132. [in Uzbek].
- Alisher Navoiy., 2012. *Tola asarlar toplami*. Oʻn jildlik. *Muhokamat ul-lugʻatayn*. 10 jild. (Nashrga tayyorlavchi Q.Ergashev) [A collection of works of art. Ten volumes. The discussion is comprehensive. 10 volumes. (Preparer for the publication Q. Ergashev)]. Toshkent: Gʻafur Gʻulom nomidagi nashriyot-matbaa ijodiy uyi, P. 506-533. [in Uzbek].
- Alisher Navoiy, 2017. *Muhokamat-l-lugatajn*. (Қ.Sodiqov tahlili, tabdili va talqini ostida) [Muhokamat-l-lugatajn. (under the analysis, translation and interpretation of Q. Sodikov)]. Tashkent: Akademnashr. 128 s. [in Uzbek].
- Alisher Navoiy, 1940. *Muhokamatul-lugʻatayn*. Nasrga tajjarlavchilar A.Usman, P.Samsiyev [Mukhamat dictionary. The authors of the prose are A. Usman, P. Samsiyev]. Taskent: Uz SSR goslitizdat. 125 p. [in Uzbek].
- V ego poezii bilos' serdce naroda, [The heart of the people beat in his poetry], 2023.Samarkandskiy Vestnik [Elektron. resurs] – URL: V ego poezii bilos' serdce naroda - zarnews.uz (Accessed: 14. 11. 2023). [in Russian].
- Zhʻyraqulov U., 2015. *Nazarij poetika masalalari* [Problems of theoretical poetics]. Tashkent: G.Gulom nomidagi nashriyot-matbaa izhodiy uyi. P. 353. [in Uzbek].
- Zhʻyraqulov U., 2022. *Ilmi balogatning manshaʼi*. “Sharq Garb Renessans adabiyoti: Navoiy va Shekspir” mavzuidagi halqaro ilmiy-nazarij konferenciya materiallari [The origin of scientific adulthood. Materials of the international scientific-theoretical conference on the topic «Literature of the Eastern and Western Renaissance: Navajo and Shakespeare»]. Tashkent, 22 June. P. 9-32. [in Uzbek].
- Qydyr T.E., 2021. Alisher Nauaidin «Muhakamatul-lugatajn» shygarmasynyn tyrkitanu salasyndagy manyzy [The importance of Alisher Navoi's work «Muhokamatul-lugatajn»in the field of Turkic studies]. Turkic Studies Journal. T.3. №3. P. 37-46. [in Kazakh].
- Oltinbek O., 2023. Rauf Parfi izhodida Turkiston mavzus [Rauf Parfi on the topic of Turkestan]. «SHARQ-U GʻARB: NAVOIY VA GYOTE» mavzuidagi xalqaro ilmiy-nazariy konferensiya materiallari, 21-iyun [Proceedings of the international scientific-theoretical conference «EAST-WEST: NAVOIY AND GOETHE», June 21]. Tashkent: «Nurafshon business». P. 348-359. [in Uzbek].
- Rauf Parfi, 2013. *Turkiston ruxi*. Sajlanma. sherlar, tarzhimalar [The spirit of Turkestan. lions, translations]. Nashrga tajyorlovchi va syzboshi muallifi Vafo Fajzulloq [The author of the foreword and preparation for the publication is Vafo Fajzullaq]. Tashkent: “SHARQ” NMAKBT. [in Uzbek].
- Rauf Parfi, 2023. *Ona tilim* [My mother tongue] [Elektron. resurs] –URL: <https://www.savoljavob.com/kk/> (Accessed: 14. 11. 2023). [in Uzbek].
- Sodikov Q., 2011. “Muḥokamatul-luḡatajn”ni ўқиб ўрганиш. Ўқув қўлланма. Тошкент. 2011. 95 b. [in Uzbek].
- Sure 26 Shugara [Surah 26 Shugara], 2023. [Elektron. resurs] URL: <https://koran.kz/alty/26> (Accessed: 19. 11. 2023). [in Uzbek].
- Hamidova M., 1958. «Muhokamatu-l-lugatajn» ning tanqidij matnini yaratish julida [In the process of creating a critical text of «Muhokamatu-l-lugatajn»]. Adabij meros [Literary heritage]. №2(33). P. 81-84. [in Uzbek].

U. Zhurakulov^a

*^aAlisher Navoi Tashkent State University of Uzbek Language and Literature,
Tashkent, Uzbekistan
(E-mail: joraquovuzoq@gmail.com)*

M. Orazbek^b

*^bL.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Republic of Kazakhstan
(E-mail: makpal_zere@mail.ru)
Corresponding author: makpal_zere@mail.ru

Abut-Turk poems or the Voice of Turkestan

Abstract. The article is devoted to the study of historical personality and historical theme in the poetry of the famous Uzbek poet Rauf Parfi Ozturk. The object of the research is such poems of the poet as «Mother's language», «Memory of my father», «Navoi», «Iraqi desert», «Ancient Turks». Historical events in the poetry of Rauf Parfi were studied in comparison with cultural, literary and historical sources. A comparative analysis of the poetry of Rauf Parfi and the works of the outstanding Turkic poet Alisher Navoi was carried out, in whose works the harmony of human values and ideas can be traced. The article also reveals the meaning of unexplored mystery and mystical secrets in the works of Rauf Parfi and Alisher Navoi, based on the analysis of ayah on the concepts of genuine author and pseudo-author in Surahs of the Holy Quran. It is emphasized that the poetry of Rauf Parfi, who glorified the fate of repressed poets of the Turkestan region, holds a special place in Turkic literature of the early XX century. The ideas, author's stance, as well as artistic-poetic and linguistic-stylistic characteristics of Rauf Parfi's works have been comprehensively analyzed.

Keyword: Rauf Parfi's creativity, Turkic poets, creative process, Alisher Navoi's creativity, genuine poet, pseudo-poet, poetry.

У. Журакулов^a,

*^aТашкентский государственный университет узбекского языка и литературы им.
Алишера Навои, Ташкент, Узбекистан
(E-mail: joraquovuzoq@gmail.com)*

*М. Оразбек^b

*^bЕвразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева,
Астана, Республика Казахстан
(E-mail: makpal_zere@mail.ru)
Автор для корреспонденции: makpal_zere@mail.ru

Стихи (нефес) Абул Турка, или Голос Туркестана

Аннотация. Статья посвящена изучению проблем исторической личности и исторической темы в поэзии известного узбекского поэта Рауфа Парфи Узтурка. Объектом исследования являются такие произведения поэта, как «Язык матери», «Память об отце», «Науаи», «Есть одно слово», «Иракская пустыня», «Древние тюрки», «Глаза Дилором». Исторические события, отраженные в поэзии Рауфа Парфи, исследовались в сравнении с культурными, литературными и историческими источниками. Проведен сравнительный анализ поэзии Рауфа Парфи

с произведениями выдающегося тюркского поэта Алишера Навои, в творчестве которых прослеживается созвучие человеческих ценностей и идей. На основе анализа аятов о честном поэте и лжепоэте раскрываются смыслы человеческих тайн и загадок, не исследованные ранее в произведениях Рауфа Парфи и Алишера Навои. Авторы статьи сделали анализ поэтического творчества талантливого поэта, жившего в трудное время для писателей Туркестана и смело писавшего о развитии языка, литературы и истории тюркоязычных народов, входивших в состав Советского Союза. Авторы статьи пишут, что поэзия Рауфа Парфи, воспевавшего в своих произведениях судьбу репрессированных поэтов Туркестанского региона, занимает особое место в тюркской литературе начала XX века. Следует также отметить, что в статье дан анализ основных идей поэта, его авторской позиции, художественно-поэтической и языково-стилевой особенностям поэзии Рауфа Парфи.

Ключевые слова: творчество Рауфа Парфи, тюркские поэты, творческий процесс, творчество Алишера Навои, истинный поэт, лжепоэт, поэзия.

Авторлар туралы мәлімет:

Узоқ Журакулов, филология ғылымдарының докторы, профессор, Әлішер Науаи атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университеті, Яккасарай ауданы, Юсуф Хос Ходжиб, 103, Ташкент, Өзбекстан.

ORCID 0000-0003-4835-0694

Оразбек Мақтагул Социалқызы, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қ. Сәтпаев к-сі, 2, Астана, Қазақстан Республикасы.

ORCID 0000-0002-0703-3142

Information about authors:

Uzok Zhurakulov, Doctor of Philology, Professor, Alisher Navoi Tashkent State University of Uzbek Language and Literature, Yakkasaray district, 103 Yusuf Xos Khojib, Tashkent, Uzbekistan.

ORCID 0000-0003-4835-0694

Orazbek Maktagul Sotsialkyzy, Doctor of Philology, Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2 K. Satpayev Str., Astana, Republic of Kazakhstan.

ORCID 0000-0002-0703-3142

Сведения об авторах:

Узоқ Журакулов, доктор филологических наук, профессор, Ташкентский государственный университет узбекского языка и литературы имени Алишера Навои, Яккасарайский район, Юсуфа Хос Ходжиба, 103, Ташкент, Узбекистан.

ORCID 0000-0003-4835-0694

Оразбек Мақтагул Социалқызы, доктор филологических наук, профессор, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, ул. К. Сатпаева, 2, Астана, Республика Казахстан.

ORCID 0000-0002-0703-3142